

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 25 ақпан N 175. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12. N 578 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Отандық өндірушілерді қорғау және Қазақстанға импортталатын мұнай өнімдерінің кейбір түрлерінің көлемін бақылауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 Р971037_ қаулысына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 5-қосымшадағы 1, 2 және 3-бағандар мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Уайт-спирит	271000210	Қазақстан
Басқалары	271000250	Республикасының
Жеңіл дистилляттар	271000390	Энергетика,
басқалары		индустрия және
Қайта өңдеудің арнаулы	271000410	сауда министрлігі".
	процестеріне	арналған
	орта	дистилляттар
	Процестерде	химиялық
ауыстыру үшін	271000450	

2. Осы қаулы ол жарияланған күнінен бастап 30 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі